



Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

Сыр өңірінің тарихы мен мәдениетін танытатын құнды мұраның бірі – Жанкент қалашығы. Оғыз дәуірінің маңызды орталығы болған көне шаһарды зерттеу жұмыстарының басталғанына биыл 20 жыл толып отыр. Осыған орай Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Студенттер сарайында «Оғыздардың материалдық және рухани мәдениеті» атты ғылыми-танымдық кітап-каталогының таныстырылымы өтті. Сондай-ақ «Жанкент археологиялық экспедициясына – 20 жыл» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

ЖАНКЕНТ:

Көне қаланың қырлары зерттелуде



Іс-шарала оғыздардың рухани мәдениеті жұртшылыққа кеңінен насихатталды. Сондай-ақ Жанкенттің тарихи-археологиялық мұрасын ғылыми тұрғыда зерделеуге, отандық және шетелдік ғалымдар арасындағы өзара ынтымақтастықты нығайтуға бағытталды.

Дөңгелек үстелге қатысушылар «Жанкент қаласының жәдігерлері» атты көрмені, «Аптап ыстық күн астында Жанкентте өткен 20 жыл» фотокөрмесін тамашалады. Онда археологиялық жәдігерлер және экспедицияның жиырма жылдық зерттеу жолын бейнелейтін фотосуреттер қойылған.

Жиынға Ресей, Германия, Ұлыбритания, Өзбекстан және еліміздің әр өңірінен келген ғалымдар қатысып, Жанкент қалашығын зерттеу барысында жинақтаған ғылыми еңбектерін таныстырды.

Іс-шараның ашылу рәсімінде облыс әкімінің кеңесшісі Руслан Рүстемов, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің басқарма төрағасы – ректор Наурызбай Байқамамов, Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының бас директоры, тарих ғылымдарының кандидаты Ақан Оңғарұлы және Эберхард Карл атындағы Тюбинген университетінің құрметті профессоры Heinrich Haerke қатысып, Жанкентті зерттеудің тарихи әрі ғылыми маңызына тоқталды.

«Оғыздардың материалдық және рухани мәдениеті» ғылыми-танымдық кітап-каталогында оғыздардың тарихы мен рухани мәдениеті, тұрмыс-тіршілігі, колөнері мен мұрасы кеңінен қамтылған. Сонымен қатар Жанкент қалашығында жүргізілген көпжылдық археологиялық зерттеулердің нәтижесі жүйеленіп, құнды археологиялық жәдігерлер туралы ғылыми мәліметтер ұсынылған.

Жиырма жылдық зерттеу барысында жинақталған мол ғылыми материал Жанкент тарихына жаңа қырынан зерделеуге мүмкіндік беріп, оғыз өркениетінің Сыр өңіріндегі тарихи-мәдени орнын тереңірек түсінуге жол ашты.

Ғылыми басқосу қорытындысында зерттеушілер бірқатар ұсыныс айтып, тиісті резолюция қабылданды.

«Ақмешіт-ақпарат»

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫ: ЖАҢАЛЫҚ ПЕН ДАЙЫНДЫҚ



Жаз да аяқталып, жаңа оқу жылының басталуына санаулы күн қалды. Мектеп пен мұғалім оқушыларын қабылдауға, ал бала мектепке толық дайын ба? Биыл қандай өзгерістер бар? Қыркүйекке санаулы күндер қалған тұста жаңа оқу жылының жаңалығы мен дайындық деңгейіне шолу жасап көрген едік.

Қазіргі уақытта еліміздегі 8 мыңнан астам мектепте 4,1 млн оқушы білім алады. Биыл 380 мың бала бірінші сыныпқа қабылданатын болады. 11-сыныпқа 227 мың оқушы көшті.

Бала қауіпсіздігі – басты назарда

Осы аптада Үкімет басшысы Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында жаңа оқу жылына дайындық мәселелері қаралды. Жиынға облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев селекторлық режим арқылы қатысты. Үкімет отырысынан кейін өңірдегі білім саласының өзекті мәселелері талқыланып, жауапты сала басшыларына нақты тапсырмалар берілді.

Аймақта 651 мектепке дейінгі ұйым, 327 мектеп, 28 колледж бар. Жаңа оқу жылында 1-11 сынып оқушыларының саны 190 мыңнан асады. Биыл 17 700 бала мектеп табалдырығын аттайды.

Өңірде оқу жылына дайындық барысында барлық қажетті шаралар қабылданып, жұмыстар жүйелі жүруде. Қазіргі уақытта 31 мектепте ағымдағы жөндеу жүріп жатыр. Тамыз аяғының соңына дейін жөндеу жұмыстары аяқталып, білім беру ұйымдары толық дайын болады. Облыс әкімі оқулықтармен, оқу-әдістемелік құралдармен қамтуда мәселе болмауы тиіс деген қатаң талап қойды. Бұл жұмыс сапалы ұйымдастырылып, оқулықтарға қатысты шағым түспеуі қажет. Сонымен қатар «Мектепке жол» акциясын өз деңгейінде ұйымдастыруды тапсырды. Сондай-ақ жаңа

оқу жылы қарсаңында базарлардағы, сауда орындарындағы оқу құралдары, мектеп формасы бағасының негізсіз өсуіне жол бермеуді тапсырды.

Жаңа оқу жылы қарсаңында білім беру ұйымдарындағы қауіпсіздік мәселесіне де ерекше мән берілді. Облыс әкімі мектептердегі бейнебақылау камераларын Желел әрекет ету орталығына толық қосуды, санитарлық, өрт қауіпсіздігі талаптарының сақталуын тексеруге тапсырма берді.

Оқушылардың қауіпсіздігі үшін мектеп маңында жол полициясы инспекторларының күнделікті кезекшілігін ұйымдастырыңыздар. Әсіресе, оқушы саны мен көлік қозғалысы көп мектеп аумағындағы қауіпсіздікті күшейту қажет. Жаяу жүргіншілер жолы, жол белгілеріне қатысты кемшіліктер бар. Қала, аудан әкімдіктері 25 тамызға дейін аталған кемшіліктерді тез арада ретке келтіріңіздер. Кейінгі үш жылда білім беру ұйымдарын инженерлік, техникалық жабдықтармен жабартауға жергілікті бюджеттен тиісті қаржы бөлінді. Балаларымызға қауіпсіз, қолайлы орта қалыптастырып, бейнебақылау камералары, турникеттер орнатылды. Ендігі мақсат – оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыруға бағытталған құқықтық тәрбие беру жұмыстарын ұйымдастыру, – деді облыс әкімі.

2-БЕТТЕ



ТӨЛЕМ ЖАСАЛДЫ, БІРАҚ ҚАРЫЗ ТҰР, «АЛСЕКО» ДЕГЕН ҚАНДАЙ ЖҮЙЕ?

«Цифрландыру – өмірді жеңілдетуі тиіс» дейміз, алайда 2026 жылдың басынан енгізілген «АЛСЕКО» бірыңғай коммуналдық төлем жүйесі тұрғындарға қолайсыздық тудыруда. «Алматы Сервис Компаниясы» 1998 жылдан бері Алматы қаласында бірінғай төлем құжатын қалыптастыратын компания. Ресми жоспар бойынша, бұл жүйе жарық, су, жылу және қоқыс сияқты барлық қызметтерді бір түбіртекке біріктіріп, халыққа «бір терезе» қағидатымен ыңғайлы төлеуге мүмкіндік береді. Сыр өңірінде қаңтар айынан бастап облыстың барлық қалалары мен аудандарында коммуналдық және

өзге де қызметтерге ақы төлеу үшін бірыңғай төлем құжаты жүйесі енгізілді. Қазіргі уақытта «Алсеко» АҚ бірыңғай есеп айырысу орталығының қызметтерін ұсынуға 5 жеткізушімен келісім-шарттар жасалған. Дегенмен жаңа жүйеге байланысты халықтың арыз шағымы толастар емес. Технологияның шикілігі ме, әлде мекемелердің салғырттығы ма? Тұрғындарды мазалаған сұрақтарға жауап алу үшін «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» АҚ Басқарма Төрағасының электр энергиясын өткізу жөніндегі орынбасары Еркебұлан Убайдуллаұлынан сұрап көрдік.

3-БЕТТЕ

ІШІМДІКСІЗ АУЫЛ – ТҰРҒЫНДАР ТАҢДАУЫ

Ел аумағының тұтастығы мен қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз етуде тәртіп сақшыларына жүктелген жауапкершілік жүгі ауыр. Демек, қоғамдық тәртіпті қатаң қадағалайтын тәртіп сақшыларының жұмысы қашанда жетілдіріліп отыруда қажет етеді. Сонда ғана қоғамда қылмыс саны азая түседі. Бұл бағытта қаламыздағы Талдыарал және Баймұрат ауылы оң көрсеткіш көрсетіп отыр. Ауыл тұрғындары «Заң мен тәртіп» қағидатын берік ұстанып, көпшілікке үлгі көрсетуде. Екі ауылға бір учаскелік полиция инспекторы қызмет көрсетеді. Соған қарамастан елді мекендерде қоғамдық тәртіпті сақтау мен құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстары жүйелі жолға қойылған. Мұнда «ішімдіксіз орта» ұстануға бағытталған ауқымды бастама қолға алынып, бүгінде өз нәтижесін беруде. Бұл туралы учаскелік полиция инспекторы полиция майоры Жасұлан Сарбалаев айтып өтті.

– Соңғы екі жыл ішінде бұл ауылдарда бірде бір қылмыс тіркелмеген. Бұл – ауылдағы қоғамдық тәртіптің тұрақты деңгейде екенін және тұрғындардың қауіпсіздік талаптарын сақтауға жауапкершілікпен қарайтынын көрсетеді, – дейді ол.

Сонымен қатар Талдыарал ауылы «Ішімдіксіз ауыл» бойынша ауқымды бастаманы қолдап отыр. Жобаның негізгі мақсаты – ішімдіктің таралуын шектеу, қылмыстың алдын алу және тұрғындарды салауатты өмір салтын ұстауға шақыру.

– Бүгінде ауыл дүкендерінде алкоголь өнімдері, оның ішінде арақ сатылмайды. Бұл – тұрғындардың салауатты өмір салтын таңдауға деген ұмтылысы мен ортақ бастаманың нақты нәтижелерінің бірі. Нәтижесінде мұнда отбасылық-тұрмыстық қатынастар мен ішімдік тұтынуға байланысты қылмыстар тіркелмей отыр. Ауыл ақсақалдары жастарға өнеге айтып, татулық пен өзара сыйластықты үнемі насихаттап отырады. Жакында кәсіпкерлердің

демеушілігімен Талдыарал ауылынан мешіт салуды жоспарлап отырмыз. Өткен жылы қалаға қарасты ауылдар мен кенттер арасында «Қылмыс тіркелмеген ауыл» номинациясы бойынша алғыс хатпен марапатталды. Ауылдың амандығы, жастардың тәрбиесі мен тұрғындардың тыныштығы – ортақ ісіміз. Алдағы уақытта бұл бағыттағы жұмыстар жалғаса береді, – дейді ауылдық округ әкімі Саттар Әбдіреев.

Айта кетейік, өңірде «Ішімдіксіз ауыл» бастамасы кезек-кезеңімен жүзеге асуда. Бүгінде аймақта алкоголь өнімдерін тұтыну мен сатумен толықтай бас тартқан 37 елді мекен бар. Мұндағы басты мақсат – ауыл тұрғындарының салауатты өмір салтын ұстануына, қоғамдық тәртіпті нығайтуға және өскелең ұрпаққа қолайлы орта қалыптастыруға бағыттау.

«Ақмешіт-ақпарат»



ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫ: ЖАҢАЛЫҚ ПЕН ДАЙЫНДЫҚ

Жаңа пәндер қосылды

Жаңа оқу жылы білім беру саласына бірқатар жаңашылдықпен басталғалы отыр. Оқу-ағарту министрлігінің мәліметінше, мектептерде функционалдық сауаттылықты арттыруға, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге, инклюзивті білім беруді дамытуға және оқушылардың заманауи құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған жаңартылған Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты кезек-кезеңімен енгізіледі.

Білім беру жүйесіндегі басты бағыттардың бірі – оқушының тек пәндік білімін ғана емес, күнделікті өмірде қажет болатын дағдыларын дамыту. Осыған байланысты функционалдық сауаттылыққа, сыни ойлауға, жауапкершілікке және заманауи құзыреттерге басымдық беріледі. Қыркүйектен бастап мектептерде оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыруға бағытталған міндетті оқу курстары енгізіледі. Атап айтқанда, 5-7 сынып оқушылары «Конституция негіздері», 8-11 сынып оқушылары «Заң және тәртіп», ал 5-11 сыныптар «Жеке қауіпсіздік» курстарын оқиды. Сонымен қатар «Құқық негіздері» пәнінің мазмұны Конституция талаптарына сәйкес жаңартылады. Бұл өзгерістер жасөспірімдердің өз құқықтары мен міндеттерін білуіне, заңды құрметтеуіне және қауіпсіздік мәселелеріне жауапкершілікпен қарауына ықпал етпек. Мектептердегі тәрбие жұмысының негізгі бағыттарының бірі – жалпыұлттық құндылықтарды қалыптастыру. Барлық орта білім беру ұйымдарында «Адал азамат» бірыңғай тәрбие бағдарламасы іске асырыла береді. Бағдарлама азаматтық жауапкершілікке, патриотизмге, жалпыұлттық құндылықтарға және заңға құрметпен қарауға негізделген. Бұл бағыттың мақсаты – білімді ғана емес, қоғам алдындағы жауапкершілігін сезінетін, елінің болашағына бейжай қарамайтын жас ұрпақ тәрбиелеу.

Тағы бір маңызды бағыт – жасанды интеллект технологияларын оқу процесіне енгізу. Премьер-министрдің ресми ақпараттық сайтында 2026-2029 жылдарға арналған орта білім беру жүйесіне жасанды интеллект технологияларын енгізу жөніндегі кешенді жоспар жобасы әзірленгені хабарланды.

Жоғарыдағы өзгерістердің барлығы білім беру мазмұнын заман талабына бейімдеуге бағытталған. Алдағы уақытта оқушының алған білімін жаттап қана қоймай, оны өмірде қолдана білуі, ақпаратты саралауы, технологияларды қауіпсіз әрі тиімді пайдалануы маңызды. Бұл – заманауи қоғамға бейім, білімді әрі жауапты ұрпақ тәрбиелеудің маңызды қадамы.

Бастауыш сыныптағы бағалау тәртібі өзгерді

Жаңа оқу жылы бастауыш сыныптарға да тосынсый дайындап қойғандай. Енді әр тоқсан сайынғы жиынтық бағалау да болмайды. БЖБ пен ТЖБ тапсырып шаршаған оқушылар енді бұрынғыдай диктант жазып, оқығанынан ауызша түсінік айтады.

Оқу-ағарту бірінші вице-министрі Шынар Ақпарованың сөзіне сүйенсек, басты өзгерістің бірі – оқушының күнделікті сабақтағы еңбегіне берілетін бағаның салмағын арттыру. Демек, енді мұғалім баланың тек тоқсан соңындағы бақылау жұмысын ғана емес, сабақ барысында оқу материалын қаншалықты меңгергенін, тапсырмаларды қалай орындағанын жүйелі бағалайды. Бұл баланың бір тоқсан бойындағы тұрақты еңбегіне көп мән беріледі деген сөз. Яғни, оқушының күнделікті сабаққа қатысуы, тапсырмаларды уақытылы орындауы, оқу мақсаттарын қаншалықты меңгергені қорытынды кезінде бағаға әсер етеді. Сонымен қатар жаңа өзгерістерге сәйкес енді диктант, бақылау жұмысы, шығарма, мазмұндама секілді дәстүрлі жазба жұмысы аралық бағалаудың негізгі нысандарының қатарында болады.

Экс-мәжіліс депутаты, талай жыл мұғалім болған Ирина Смирнова бұл реформаны қолдайтынын айтты.

– Әрине, мен ұстаз ретінде оқушылардың қайтадан диктант жазғанына қуанамын. Балалар қатып қалған робот сияқты емес, кәдімгі ойлау қабілетін шындайды, – дейді Ирина Смирнова.

Басы 1-бетте

Смартфон ұстауға рұқсат жоқ

Жаңа оқу жылынан бастап оқушыларға сабақ кезінде смартфон ұстауға рұқсат жоқ. Жаңа тәртіпті оқу-ағарту бірінші вице-министрі Шынар Қуанышқызы түсіндірді. Министрлік өкілінің сөзіне сүйенсек, қазір оқу процесі кезінде ұялы телефон қолдану тәртібін біріздендіретін ереже әзірленуде. Яғни, оқушылардың құқықтары мен міндеттеріне қатысты талаптар «Білім туралы» заңның 47-бабында, ал ата-аналардың құқықтары 49-бапта белгіленген. Бұған дейін телефон қолдану тәртібін әр білім беру ұйымы өзі айқындап келген еді. Енді барлық мектепке ортақ тәртіп енгізу жоспарлануда. Жаңа тәртіп бойынша оқушы сабақ кезінде ұялы телефон ұстамауы қажет.

– Бала сабақ кезінде телефон қолданбайды. Ал оны қайда және кімге тапсыратыны мектептегі жағдайға байланысты айқындалады. Кей жерде телефондар сыныпта сақталуы мүмкін, кей мектептерде арнайы жәшіктер қарастырылады. Мұны білім беру ұйымының өзі белгілейді, – деді Шынар Қуанышқызы.

Яғни әр мектепте оқушының телефонын сақтау ережесінің қандай болатынын әр мектеп өзі шешеді. Алайда мектепте телефон ұстауға тек 7-сыныпқа дейінгі оқушыларға тыйым салынады. Ал жоғары сынып оқушыларына қатысты мәселе әлі де талқыланып жатыр. Себебі жоғары сыныптарда көптеген пән онлайн платформалар арқылы оқытылады. Сондай-ақ оқушылар ҰБТ мен SAT емтихандарына дайындалады. Сондықтан бұл мәселе мұғалімдермен бірге әлі де талқыланады. Ал 7-сыныпқа дейінгі оқушыларға сабақ кезінде смартфон ұстамау міндеттеледі.

21625 теңге айыппұл

Жаңа оқу жылынан бастап мектеп формасын сақтамаған баланың ата-анасы жауапкершілікке тартылуы мүмкін. Себебі мектеп формасына қатысты қатаң талап қойылды. Бұл туралы Оқу-ағарту бірінші вице-министрі Шынар Ақпарова атап айтты. Алайда мектеп киімінің болмауы баланы сабақтан шеттетуге себеп емес. Оқушының формасы бекітілген талапқа сай келмеген күннің өзінде де оның сабақтарға қатысуға толық құқығы бар.

Белгіленген ережелерді сақтау міндеті ең алдымен оқушының ата-анасына жүктеледі. Тәртіп бұзылған жағдайда оларға ескерту беріледі. Ал қайталанса, 5 айлық есептік көрсеткіш (АЕК) көлемінде, яғни 21 625 теңге айыппұл өндіріледі.

Шынар Ақпарованың айтуынша, ата-аналардың бұл жауапкершілігі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңының 49-бабында нақты бекітілген.

Бұдан бөлек, мектеп формасына қатысты нақты талаптарды әрбір білім беру ұйымы өзі айқындайды. Оқу орындары мұндай шешімдерді ата-аналар қауымдастығы мен қамқоршылық кеңестің пікіріне сүйене отырып қабылдайды.

Кімдер әлеуметтік көмек алады?

Елімізде жыл сайын әлеуметтік осал санаттағы отбасыларға баласын мектепке дайындауға көмек көрсетіледі. 2026 жылы бұл көмектің бір балаға шаққандағы ең төменгі мөлшері 50851 теңгені құрап отыр. Биыл мектеп формасын, аяқ киім және мектепке қажетті кенсе заттарын сатып алу үшін жергілікті бюджеттерден 23 млрд теңге бөлінген. Бұл қаржының есебінен еліміз бойынша 400 мыңнан астам балаға қолдау көрсету жоспарланған.

Материалдық көмек барлық оқушыға бірдей тағайындалмайтыны анық. Ол әлеуметтік жағдайына байланысты белгілі бір санаттарға жататын балаларға арналған. Атап айтқанда, атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасылардың балаларына, отбасының жан басына шаққандағы орташа табысы күнкөріс деңгейінен төмен болған жағдайда, жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, төтенше жағдай салдарынан шеккен отбасылардың балаларына беріледі. Бұдан бөлек, өмірлік қиын жағдайға тап болған басқа отбасылардың балаларына көмек көрсету мүмкіндігі қарастырылған. Мұндай жағдайда шешімді мектептің қамқоршылық кеңесі қабылдайды.



Білім беру жүйесіндегі басты бағыттардың бірі – оқушының тек пәндік білімін ғана емес, күнделікті өмірде қажет болатын дағдыларын дамыту. Осыған байланысты функционалдық сауаттылыққа, сыни ойлауға, жауапкершілікке және заманауи құзыреттерге басымдық беріледі. Қыркүйектен бастап мектептерде оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыруға бағытталған міндетті оқу курстары енгізіледі.

Балаңыз мектепке дайын ба?

Бұл сұраққа жауап беру үшін әрине, базар бағасын бағамдап қайттық. Қазір барлық мектепке бірдей форма енгізілген жоқ. Қымбатшылық қалтаны қысып тұрғанда бағасы мен сапасы үйлесетін киім-кешек тек құрал-жабдықтарды түгендеу оңай емес. Баланы бағып-қағу, киіндіру әрбір ата-ананың міндеті. Сондықтан әр баланың қалауын орындап, шамасы келгенше мектепке дайындап жүр.

Сонымен оқушыларға қажетті заттардың бағасын білу үшін, әрине көпшілікке таныс «Ескі базардан» бастадық. Мұнда аяқ алып жүру мүмкін емес. Жұмыс күні болса да адам көп. Бір ананың соңында қос-қос баладан жүр. Әрине, бұрынғыдай үйге әкеліп бергенді киетін бала жоқ. Бағасына да қарамастан, өздеріне ұнағанын киіп көріп, алып жатыр.

Сатушылар биылғы баға былтырғымен бірдей екенін айтады. Тауарды көбіне Қырғызстан, Қытай, Түркиядан әкеледі. Бүгінде орташа бағадағы Қырғыз елінің киімдеріне сұраныс көп. Ал Түркия киімдерін тек қалтасы көтеретіндер алады. Бағаларға келсек, базарда қыздарға арналған ақ жейде – 3500 теңгеден басталып, 10 000 теңгеге дейін барады. Ұлдардың ақ жейдесі – 2500 теңгеден сатылуда. Белдемше ескі базар аумағында 4500-8000 теңге аралығында болса, сапасы жақсысы жеке дүкендерде 10000-14000 теңгеге дейін тұр. Жай базардың өзінде түріктің ақ жейдесі қымбатқа сатылуда. Қыздардың спорттық киімінің арзаны – 8 мың, сапасы жақсысы – 25 мың теңге, ал ер балалардың костюм-шалбары 8000- 20 000 аралығы. Әрине, 8 мың теңгелік костюм-шалбардың сапасы жок екені белгілі.

Ата-аналар ең болмаса баласының сапалы аяқ киім кигенін қалайды. Күнделікті киетін туфли, спорттық аяқ киімдер сапалы болғаны жөн. Дегенмен олардың да ең арзаны 6 мыңнан басталады. Бірақ «қытайдың арзан тауары, иісі бар» деп көбісі алғысы келмейді. Ал сапасы жақсылары 15 мыңнан басталады.

Қорыта келгенде, орташа бағамен бір баланы мектепке дайындау үшін кемінде 80-100000 мың теңге қаражат болуы қажет. Ал көпбалалы отбасындағы шығынды есептегенде көпке түсері анық. Себебі үш-төрт баласы мектепке баратын отбасыларға біраз қаражат қажет.

Иә, дәл сауданың қызатын уақытында жеңілдік ұсынып жатқан дүкендер көп. Мәселен, «Қаусар-Жан» көтерме дүкені жылда жеңілдік жасайды. Әлеуметтік парақшасына қарасақ, биыл да жеңілдіктің түр-түрін ұсынуда. Сонымен қатар базар маңындағы сатушылар да оқу-құралдарын сатып алғандарға дәптер бағасын арзандатып беруде.

– Көпбалалы отбасымыз, 3-уі мектепке барады. Мектепке дайындықты тамыз айынан бастадық. Әзірге 80 мың теңгеге қажетті деген заттарын алып қойдық. Әлі түгел дайын емес. Спорттық киімдер, оқу құралдарына да біраз қаражат кетеді. Бір ғана киіммен де шектелу қиын, ауыстыратын киім де керек. Базар бағасы әртүрлі, былтырғыдай баға, – дейді көпбалалы ана Камшат Елеусінова.

Айтпақшы, жұрттар жарыса жарнамалап жатқан жәрмеңкеге де бардым. Жыл сайын жаңа оқу жылы басталар алдында дәстүрлі түрде «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы ұйымдастырылатынын білеміз. Алайда базар бағасынан аса бір арзан баға байқалмады. Жәрмеңкеде сатып алушылар аз екен. Тек бір-екі адам ғана салыстырмалы түрде бағасын сұрап жүр.

Айтолқын АЙТЖАНОВА

– Тұрғындар арасында «соңғы алты айда қағаз түбіртек мүлдем келмеді» немесе «тек бір-ақ рет қолымызға тиді» деген шағымдар жиілеп кетті. Қызылордада бұл күрерлік қызметпен қай мердігер ұйым айналысады? Жалпы, түбіртектердің тұрақты жеткізілуіне не себеп?

– Халықтың қағаз түбіртектерді көрмей жүргенінің басты себебі – жүйенің жоспарлы түрде толықтай электронды форматқа көшірілуі. Жаңа жүйені енгізу барысында жұмыс кезең-кезеңімен атқарылды. Мәселен, 2026 жылдың алғашқы төрт айында тұрғындарды жаңа жүйемен таныстыру және ақпараттандыру мақсатында бірыңғай төлем құжаты қағаз түрінде таратылды. Бұл халықтың жаңа форматқа бой үйретуі үшін қажетті уақытша шара еді. Ал 2026 жылғы мамыр айынан бастап бірыңғай төлем құжаты электрондық форматқа толық ауыстырылды.

– Жүйе іске қосылғалы бері уақытылы төленген ақшаның келесі айда «қарыз» болып қайта келуі, бір үйге екі түрлі квитанцияның келуі жиілеп кетті. Бұл базалардың дұрыс жұмыс істемейіні бе? Мұндай техникалық қателіктер қашан толық шешіледі?

– Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамы әрбір тұрғынның жарыққа қанша ақша төлегенін немесе қанша қарызы бар екенін өзінің жеке есептеу базасында дайындайды. Осыдан кейін ғана дайын мәліметтерді «АЛСЕКО» жүйесіне жібереді. Кейде екі мекеменің компьютерлік жүйелері арасында ақпарат алмасу кешігіп жатады. Немесе тұрғын ақша төлегенімен, ол туралы мәлімет базаға уақытында жетіп үлгермейді. Соның салдарынан жаңа түбіртек жасалып қойған кезде, ішінде бұрынғы төленіп қойған ескі қарыз қайтадан көрініп қалады. Егер тұрғындарда осындай жағдай қайталанса, біз әрбір үйдің дербес шотын жеке тексеріп, қателіктерді дереу түзетеміз.

– Тұрғындар арасында үлкен түсініспеушілік бар. Егер қарапайым азаматтар «АЛСЕКО-ның» қызметінен бас тартқысы келсе, бұрынғыдай тікелей жарық, су, жылу мекемелеріне ғана бөлек төлем жасауға заң бойынша құқығы бар ма? Жалпы, бұл «АЛСЕКО» жүйесін пайдалану Қызылорда облысының әрбір тұрғыны үшін міндетті ме?

– «АЛСЕКО» жүйесін пайдалану ешбір азамат үшін заң жүзінде міндетті емес, яғни тұтынушының төлем жасау тәсілін таңдау құқығын ешқандай жағдайда шектемейді. Тек тұрғындарға қолайлы жағдай жасау мақсатында енгізілген қосымша цифрлық сервис қана. Тұтынушы барлық коммуналдық қызметтің есебін бір жерден көріп, уақытын үнемдесін деген ниетпен жасалған. Сондықтан, әрбір тұрғынның бұрынғы өзі үйренген, өзіне ыңғайлы әдіспен тікелей төлем жасауға қолы құқығы бар. Егер сізге барлық қызметті бірге төлеген тиімсіз болса, дедалдық жүйені айналып өтуге болады. Бүгінгі таңда тұтынушылар электр энергиясы мен басқа да қызметтер үшін екінші деңгейлі банктердің мобильді қосымшалары «Қазпошта» АҚ-ның кез келген бөлімшелері және өзге де қолжетімді арналар арқылы тікелей мекемелердің өз есепшоттарына төлем жасай алады.

– Жаңа түбіртектерді алған тұрғындар тағы бір қызық жайтты байқаған. Квитанцияларда үй иесінің аты-жөні мүлдем көрсетілмейді, тек мекенжайы мен дербес шот нөмірі ғана тұрады. Бұл халықты күмәндандырып отыр.

– Бұл техникалық қателік немесе жүйенің кемшілігі емес. Бірыңғай төлем құжатында тұтынушының аты-жөнінің көрсетілуі тікелей Қазақстан Республикасының дербес деректерді қорғау және оларды жинау туралы заңнамалық талаптарына байланысты жасалған қадам. Бұл ереже ең алдымен азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін енгізілді.

Себебі, бұрын қағаз түбіртектер үйлердің кіреберісінде, есік қуыстарында немесе пошта жәшіктерінде ашық-шашық жататын. Оны кез келген бөтен адам көре алатын еді. Сондықтан, Бірыңғай төлем құжатынан аты-жөнді алып тастау – үшінші тұлғалардың, яғни алаяқтар мен бейтаныс адамдардың тұтынушының жеке мәліметтеріне қол жеткізуіне жол бермеу мақсатында арнайы қарастырылған. Тұрғындар бұған еш алаңдамауы керек, квитанцияда аты-жөнініз жазылмаса да, сіздің жасаған төлеміңіз тек сіздің дербес шотыңызға тікелей және дәл есептеледі.

– Тұрғындар арасында «АЛСЕКО» жүйесі енгізілгені бері коммуналдық қызметтердің бағасы қымбаттап кетеді» деген қауіп бар. Осы орайда айтыңызшы, ай сайын мыңдаған түбіртектерді дайындау мен жүйені ұстап тұру шығындарын кім өтейді? Бұл мақсатқа бюджеттен қаражат бөліне ме, әлде бұл шығындар ертеңгі күні тарифке қосылып, халықтың қалтасынан төлене ме?

– Бұл мәселеде халықтың алаңдаушылығын түсінуге болады. Бірыңғай төлем құжатын

дайындауға, жүйені ұстап тұруға байланысты ешқандай шығындар «КЭТТК» АҚ-ның қолданыстағы тарифінде мүлдем көзделмеген. Бірыңғай төлем құжаты жүйесі енгізілгені үшін қарапайым тұтынушылардан ешқандай жеке қосымша ақы немесе комиссия алынып жатқан жоқ. Тұрғындар бұл сервис үшін қалтасынан артық тиын төлемейді. Алайда, бұл шығындардың болашақтағы тағдыры заң шеңберінде шешіледі. Алдағы уақытта жаңа тарифтік өтінім қалыптастыру кезінде, аталған цифрлық жүйені дамытуға кететін шығындарды тариф құрамында қарастыру мәселесі туындауы мүмкін. Бірақ бұл компанияның өз бетімен шешетін шаруасы емес. Тек мемлекеттік орган мұқият тексеріп, рұқсат



ТӨЛЕМ ЖАСАЛДЫ, БІРАҚ ҚАРЫЗ ТҰР, «АЛСЕКО» ДЕГЕН ҚАНДАЙ ЖҮЙЕ?



«АЛСЕКО» жүйесін

пайдалану ешбір азамат үшін заң жүзінде міндетті емес, яғни тұтынушының төлем жасау тәсілін таңдау құқығын ешқандай жағдайда шектемейді. Тек тұрғындарға қолайлы жағдай жасау мақсатында енгізілген қосымша цифрлық сервис қана.

Қызылордадағы коммуналдық қызмет тарифтерінің өсуіне тікелей әсер етпей ме?

– «АЛСЕКО» АҚ қызметінің нақты құны – бұл екі жақты коммерциялық құпия. Дегенмен кез келген коммуналдық төлемдерді қабылдау, оны арнайы компьютерлік базаларда өңдеу және сақтау белгілі бір деңгейде үлкен шығындарды талап ететінін түсінуіміз керек. Мысал келтіретін болсақ, сіз күнделікті қолданып жүрген екінші деңгейдегі банктер де тұрғындардан немесе мекемелерден төлемдерді қабылдау қызметі үшін өз комиссиясын алады. Бұл – қалыпты нарықтық үдеріс. Сондықтан, «АЛСЕКО» жүйесін ұстап тұруға кететін мұндай шығындар алдағы уақытта жаңа тарифтік өтінімдерді жасау кезінде ескерілуі мүмкін. Ол қолданыстағы заңнамаға сәйкес, мемлекеттік бақылаушы органдардың рұқсатымен ғана қарастырылады.

берген жағдайда ғана бұл мәселе қайта қаралуы мүмкін.

– «АЛСЕКО» АҚ әрбір дербес шотты өңдегені және оны жүйеге енгізгені үшін мекемелерден нақты қанша қызмет ақы алады? Екі ортадағы бұл қаржылық келісім-шарттың құны қанша және бұл сома алдағы уақытта

Қазіргі таңда «КЭТТК» АҚ, «АЛСЕКО» АҚ және екінші деңгейдегі банктердің жүйелері арасында ақпарат алмасу процесі толықтай электрондық түрде жүзеге асырылады. Бірыңғай төлем құжаты бүгінде халық көп қолданатын Kaspi, Halyk, Forte және басқа да ірі банктердің мобильді қосымшаларының бәрінде қолжетімді етіп жасалған.

Қазіргі уақытта бұл ортақ түбіртекте электр энергиясы, су, жылу, қорық шығару және басқа да негізгі коммуналдық қызметтер бойынша барлық мәліметтер қамтылған. Бұл жүйенің тұрғындарға беретін басты пайдасы – қолайлылық. Азаматтарға әрбір коммуналдық мекеменің шотын

– Тұрғындар коммуналдық қызметтер үшін тікелей жеткізуші мекемелерге бұрынғыдай еркін төлей ала ма?

– Бұл жерде ешқандай заңдық немесе құқықтық шектеу жоқ, тұтынушылардың төлем жасау тәсілін таңдау құқығы ешқашан шектелмеген. Біз енгізіп отырған Бірыңғай төлем құжатының басты мақсаты – тұрғындарды қандай да бір нақты төлем тәсіліне немесе бір ғана компанияға күштеп міндеттеу емес. Керісінше, бұл халыққа бірнеше коммуналдық қызметтің есебін «бір терезе» қағидаты бойынша бір жерден ыңғайлы көруге және уақыт жоғалтпай төлеуге мүмкіндік беру үшін жасалған қадам. Тұрғындардың бұрынғыша төлеуге толық мүмкіндігі бар.

банк қосымшаларынан бөлек-бөлек іздеп уақыт кетірудің қажеті жоқ. Сондай-ақ халықтан қабылданған бұл төлемдер кейіннен тиісті коммуналдық қызмет көрсетушілердің есепшоттарына жүйе арқылы автоматты түрде бөлінеді. Қызылорда облысында 2026 жылдан бастап коммуналдық қызмет көрсету саласын цифрландыру мақсатында енгізілген бұл жүйе тұтынушыларға бірнеше қызмет бойынша төлемдерді бір құжатқа біріктіріп, «бір терезе» қағидаты бойынша ыңғайлы түрде төлем жасауға мүмкіндік береді. Яғни, тұтынушы барлық қызметтің ақысын бір уақытта немесе тек өзі таңдаған қызмет үшін ғана төлей алады. Бұл жүйе тұрғындардың уақытын үнемдеп, төлем жасау үдерісін жеңілдетуге



бағытталған. Сонымен қатар «АЛСЕКО» АҚ жүйесін пайдаланғаны үшін тұтынушылардан ешқандай қосымша төлем немесе комиссия алынбайды. Сондықтан төлемнің толық сомасы көрсетілген коммуналдық қызмет үшін ғана есептеледі. Бірыңғай төлем құжаты – бұл төлем жасаудың қосымша мүмкіндігі ғана. Ол тұтынушылардың таңдау құқығын шектемейді және қолданыстағы заңнамаға сәйкес енгізілген цифрлық сервистердің бірі болып табылады.

Ал қандай да бір қателік бойынша жауапкершілікті анықтау үшін оның қай кезеңде пайда болғанын нақты анықтау қажет. Егер «КЭТТК» АҚ-ның бастапқы билінгітік жүйесінде есептеу дұрыс жүргізілмесе, мәселе тікелей «КЭТТК» АҚ тарапынан қаралады және өзіміз түзетеміз. Ал егер «КЭТТК» АҚ дұрыс ақпарат бергенімен, ол «АЛСЕКО» жүйесінде дұрыс көрсетілмесе немесе кеш жаңартылса, онда мәселе ақпараттық жүйелер арасындағы деректер алмасу деңгейінде қаралуға тиіс. Сондықтан әрбір жағдай бойынша дербес шот негізінде жеке-ақ тексеру жүргізу қажет. Ал тұрғындарды шаршатқан қателіктер мен жауапкершілік мәселесіне келер болсақ, мұнда біржақты кінәліні кесіп айту қиын.

Жауапкершілікті нақты анықтау үшін, ең алдымен қателіктің қай кезеңде және қай мекеменің компьютерлік базасында пайда болғанын анықтап алу қажет. Егер біздің («КЭТТК» АҚ) бастапқы есептеу жүйемізде жарықтың көлемі немесе қарызы дұрыс есептелмей қате кетсе, онда мәселе тікелей біздің «КЭТТК» АҚ тарапынан қаралады

және қателікті біз түзетеміз. Егер біздің мекеме «АЛСЕКО-ға» бәрін тап-тұйнақтай етіп, дұрыс ақпарат бергенімен, ол «АЛСЕКО» жүйесінде дұрыс көрсетілмей қалса немесе базада кеш жаңартылса, онда мәселе ақпараттық жүйелер арасындағы деректер алмасу деңгейінде, яғни есептеу орталығының техникалық қателігі ретінде қаралуға тиіс. Біз кез келген қателікті анықтап, тұтынушының құқығын қорғауға дайынбыз.

– Техникалық кідірістердің басты себебі неде және оны автоматты түрде, еш кешігусіз өңдеу процесі қашан толық ретке келтіріледі?

– Қазіргі таңда «КЭТТК» АҚ, «АЛСЕКО» АҚ және екінші деңгейдегі банктердің жүйелері арасында ақпарат алмасу процесі толықтай электрондық түрде жүзеге асырылады. Бірыңғай төлем құжаты бүгінде халық көп қолданатын Kaspi, Halyk, Forte және басқа да ірі банктердің мобильді қосымшаларының бәрінде қолжетімді етіп жасалған. Ақпараттық технологиялар өте күрделі болғандықтан, жекелеген жағдайларда мәліметтердің жүйелер арасында жаңартылуына байланысты қысқа мерзімді техникалық кідірістер орын алуы мүмкін. Мұндай ірікілістер банктердің, есептеу орталығының және біздің ішкі базаларымыздың серверлеріне бір уақытта үлкен салмақ түскенде немесе деректерді өңдеу уақыты сәйкес келмей қалғанда болады. Қазіргі уақытта бұл процестерді барынша жеделдету, кідірістерді мүлдем болдырмау және автоматты түрде өңдеуді мінсіз деңгейге жеткізу үшін барлық тараптың IT-мамандары бірлесіп жұмыс істеп жатыр.

– Тұрғындарды ең көп қорқытатын мәселе – «АЛСЕКО» жүйесінің ақпараттық кеш жаңартуы немесе техникалық қателіктері салдарынан төленген шоттар «қарыз» болып тұрған жағдайда, үйімізге заңсыз өсімпұл есептеле ме? Төлен қойған ақшамыз базада көрінбей қалса, жарық немесе суды негізсіз өшіріп тастамай ма?

– Бұл мәселеде тұрғындардың алаңдауына ешқандай негіз жоқ. «КЭТТК» АҚ жалпы тұтынушыларға электр энергиясы бойынша мерзімі өткен берешек үшін ешқандай өсімпұл есептемейді. Сондықтан жаңадан енгізілген «АЛСЕКО» жүйесіндегі ақпараттың кеш жаңартуы, уақытында көрінбей қалуы немесе өзге де техникалық қателіктер салдарынан тұрғындардың үстінен ешқандай артық өсімпұл жазылмайды. Ал жарықты ажырату мәселесіне келер болсақ, бұл процесс «АЛСЕКО» базасына қарап емес, тікелей «КЭТТК» АҚ-ның өз ішкі есептеу жүйесіндегі нақты берешек туралы мәліметтер негізінде ғана жүзеге асырылады. Егер сіз коммуналдық қызметтің ақысын уақытында төлесеніз, бірақ сыртқы жүйелерде қателіктен қарыз болып көрсетіліп тұрса, біз сіздің жарығыңызды бірден өшіріп тастамаймыз. Мұндай түсініспеушілік туындаған жағдайда, тұтынушы бірден «КЭТТК» АҚ-ға хабарласып немесе абоненттік бөлімге жүгініп, қолындағы төлем чегі арқылы ақпаратты оңай нақтылай алады. Біздің мамандар төлемнің жасалғанын растап, базаны шұғыл түрде түзетеді.

– Тұрғындар «АЛСЕКО» компаниясының Call-орталықтарына, байланыс телефондары мен «WhatsApp» нөмірлеріне мүлдем хабарласа алмайтынын, тұтқаны ешкім көтермейтінін айтып шағымданады. Бұл байланыс арналары іс жүзінде жұмыс істеп тұр ма? Жалпы, компанияның Қызылорда қаласында тұрғындарды бетпесте қабылдайтын, арыз-шағымдарды тіркейтын ресми өкілдігі немесе фронт-офисі бар ма? Тұрғындар нақты қай мекенжайға баруы керек?

– «АЛСЕКО» АҚ-ның ресми Call-орталығы мен арнайы «WhatsApp» нөмірлері қазіргі уақытта толықтай жұмыс істеп тұр және бекітілген жұмыс уақытында тұтынушыларға тұрақты түрде қызмет көрсетеді. Тұрғындардың кейде байланысқа шыға алмай, хабарласа алмай жатуы – олардың жұмыс уақытынан тыс уақыттарда, яғни кешкісін немесе демалыс күндері жүгінуіне байланысты болуы мүмкін. Сондықтан байланыс орталықтарына жұмыс күндері хабарласуды сұраймыз.

Ал қаладағы ресми өкілдік мәселесіне келер болсақ, қазіргі уақытта Қызылорда қаласында «АЛСЕКО» АҚ-ның жеке дербес фронт-офисі немесе халықты қабылдайтын арнайы ғимараты жоқ. Алайда, бұл тұрғындардың мәселесі шешілмей қалады деген сөз емес. Қандай да бір түсініспеушіліктер немесе қателіктер туындаған жағдайда, әсіресе электр энергиясына қатысты барлық сұрақтар бойынша тұрғындар біздің «КЭТТК» АҚ-ның абоненттік бөлімдеріне тікелей келіп, өз мәселелерін шеше алады. Халыққа ыңғайлы болуы үшін ресми байланыс нөмірлерін де атап өткім келеді. Тұрғындар кез келген сұрақ бойынша мына телефондарға хабарласа алады: «АЛСЕКО» АҚ-ның Call-орталығы: 8 (771) 339-50-15, «КЭТТК» АҚ-ның Call-орталығы: 8 (705) 956-08-01, 8 (705) 956-08-02, сондай-ақ қалалық нөмірі 40-09-79.

– Сұхбатыңызға рахмет.

Думан КЕҢШІЛІК

Басы 1-бетте

БРИЛЛИАНТ СТАТУЭТКА КІМГЕ БҰЙЫРАДЫ? СЫРДЫҢ ҮШ АҚЫНЫ АҚТЫҚ МӘРЕДЕ!



Қасиетті кара өлеңнің құдіреті қайта оянып, қазақ аспанында жаңа бір жұлдыз жарқырады. Ұлт руханиятына серіліс әкелген «Мөлдір өлең» ұлттық жобасы мамырдың мамыражай шағында Алматы төрінде тұсауы кесілген сөз додасына еліміздің түкпір-түкпірінен жиналған 60 жас дарын өлең атты киелі әлемнің есігін айкара ашып, көрермен жүрегін жырмен емдеуде. Он сегіз аптаға созылған бұл рухани марафон қазақ поэзиясының өлмейтінін, қайта өркен жайып, жасарып жатқанын дәлелдеді. Басталған сәттен ел назарын аударған «Мөлдір өлең» жобасы көпшіліктің қызығушылығын оятқанын жұрт жарыса айтуда. Бұл жоба халықтың мәнді дүниені сағынғанын, өлең десе селт етпейтін қазақ жоқ екенін байқатты. Ақындардың басын қосып, оқырманды өлең оқуға, тыңдауға қызықтыра түскен жоба авторы, Сыр перзенті, ақын Мөлдір Айтбай жобаның авторы да, демеушісі де өзі. Айталық, «Мөлдір өлең» жобасы елімізде тұңғыш рет өтуде.

Еліміздің 17 облысы мен 3 мегаполисін қамтыған ұлы дода – ұлт руханиятының тұтастығын паш етті. 20 аймақтан іріктелген 60 ақын, әр командада үш-үштен топтасты.



«Мөлдір өлең» жобасының түпкі мақсаты – қазақ поэзиясының өрісін кеңейтіп, оны жаңа биікке көтеру, бұғауы бекімеген жас дарындарға қанат байлап, қолдау көрсету, сондай-ақ ұлттық әдебиетіміздің асыл қазынасын жаһандық кеңістікте кенінен насихаттау. 18 аптаға созылатын республикалық поэзия лигасы чемпионатына қатысушылар қатарында Батырхан Сәрсенхан, Нұртас Тұрғанбек, Дәурен Тілеухан, Санжар Келеке, Мемдібек Лұқпан, Ерік Нарын, Абылай Маудан, Ақжол Түменбай, Еділбек Дүйсен, Әлімжан Әлішер, Бауыржан Игілік, Мұхтар Күмісбек, Абай Ораз сынды елімізге белгілі ақындар бар.

Бүкіл ел тағатсыздана күткен, қазақ даласын жыр бесігінде тербеткен «Мөлдір өлең» ұлттық жобасы өзінің ақтық мәресіне табан тіреді. Әр аймақтан жиналған 60 дүлдүл ақынның ішінен суырылып шығып, Қызылорда облысының намысын арқаалаған Сырдың үш саңлағы ақтық мәреге жолдама алды. Олар – қазалылық Ақжол Түменбай, аралдық Айдар Сайлауов және шиелілік Аружан Оралбай.

Сырдың үш ақыны да іріктеу кезеңдерінен сүрінбей өтіп, жыр додасының шешуші кезеңіне жетті. Ақжолдың – өрнекті ойы, Айдардың – сырлы жыры, Аружанның – нәзік те терең поэзиясы бір арнада тоғысып, Сырдың ақындық мектебінің биігін танытып келеді. Енді оларды жауапты ұлы шайқас күтіп тұр. Бәйгенің



Ақжол Түменбай және Аружан Оралбаймен бір топта болу бізді біріктірді. Облыстық мұшайраларда біз қарсылас болып, өлеңдерімізді сайыстырсақ, бұл жерде бір кемедеміз. Бір-бірімізді керемет толықтырып тұрмыз деп ойлаймын. Үшеуіміздің бағытымыз да, шабытымыз да әрқилы. Дегенмен осы жолы алған бағыт-бағдарымыз бір «маякқа» қарай жетелеп келеді. Финалға тастүйін дайынбыз. Қарсыласымыз Астана



басты символы да, марапаты да ерекше. Жеңімпаз атанған үздік топ 3 миллион теңге ақшалай сыйлықты қанжығасына байлап қана қоймай, қазақ поэзиясының заңды тәжі іспетті «Мөлдір өлең» ауыспалы статустықасын иеленеді. Бағалы марапат 100 грамм таза алтыннан құйылып, 3 карат гауһар таспен безендірілген. Осынау тарихи сәт қарсаңында біз финалға жолдама алған Сырдың дүлдүл ақыны, аралдық Айдар Сайлауовпен азкем сұхбаттасқан едік.

– Жартылай финалда Батыс Қазақстан облысы командасымен сайыс тартысты өтті. Жеңіске жеткен кезде сезім қандай болды. Финалға дайындық қалай?

– Өлең – жан мұңынды, тағдырынды тәпсірлейтін жүректің тілі, көңілдің көркем үні. Ал «Мөлдір өлең» жобасы осы тұнық дүниені қалың оқырманға әлеуметтік желі арқылы ұтымды насихаттай білді. Ақындар поэзияны сайыс немесе мұшайра үшін жазбайды. Өз жан қалауы мен ішкі үнін сөз патшасына айналдырады. Бұл алаң «патшалардың» қиян-кескі соғысы деуге болады. Біз әуелде Солтүстік Қазақстан облысы командасын жеңген болатынбыз. Жартылай финалда Батыс Қазақстан облысымен кездестік. Оралдықтар да осал емес. Сонғы секундқа дейін қарсыласты. Өз жерінде ақындарға үлкен қонақжайлық танытып, «барлық ақын бір ананың баласы» екенін дәлелдей білді. Әрине, жеңіс үшін қуандық! Бұл сырбыллық өлеңсүйер оқырман еншілеген олжа деп білем.

немесе Шымкент болатын шығар. Оны жеребе шешеді.

– Бұл – еліміздегі тұңғыш поэзия лигасы. Жоба әлеуметтік желілерде үлкен резонанс тудырды. Бүгінгі оқырманға, әсіресе жастарға қандай өлеңдер көбірек өтеді деп ойлайсыз?

– Өтімді өлең жазамын деу қате. Жоба – ақындардың өлең қоры мен шынайылығы сыналатын шаршы алаң секілді. Жастар мөлдір махаббат пен сұлу сезімді қалап тұратыны анық. Бірақ, халық көркем сөз бен келісті өлеңге шөлдеп қалған. Парасатты поэзия іздейді. Жеңіл өлең құрау, шала ұйқас, шұбаланқы сөз қуу, сахнада салғыласу сынды өлеңді жұпыны еткен дүниеден ел шаршаған. Ал бұл жоба көпшіліктің рухын азықтандырып жатыр.



Өзінді жоғалтардай жан бағынан,
Сен жок жерде шырылдап салмадым ән.
Махаббатпен ауырып жүрмін, жаным,
Сенің сұлулығыңның салдарынан.

Көңілімді күйдірді көрінбей мұң,
Сол күйіктен мен бірақ жеңілдеймін.
Ерініне жазылған сезім сырын,
Ерінбеймін оқуға ерінбеймін.

Қиығында көзіннің тегістелер,
Бұдыр сезім бұлаша еріс келер.
Миығында мінезін мұңдалайды,
Иығында билейді періштелер.

Ардың құнын ұятып
өлшеген ел,

Өкінбеймін, жан азап көрсек көрер.
Бұрынғының хандары сияктанып,
Бұрымыңа асылып өлсем егер...
Өкінбеймін...

Осы өлеңімде ешқандай жасандылық, артық бояу немесе күрделі сөз саптау жоқ. Мұнда тек жүректің айтқысы келген шынайы ойы мен пәк сезімі ғана бар. Бірақ оқырманның талғамы мен ықыласы сондай, осы бір тұнық жыр бүгінде әлеуметтік желілерде жалпы саны 200-300 мыңнан астам қаралым жинап, халықтың ыстық махаббатына бөленді. Ал «Сенің сорын» деп аталатын тағы бір өлеңім қысқа уақыт ішінде 100 мыңнан астам көрерменнің жүрегіне жол тапты. Ескіргенмен, тырналды жараң жана, Ешкімге де қимаймын, ғаламға да. Сыңған айна секілді көңіліңді, Мұңға байлап бересің маған ғана.

Жанарың жағып беріп жырға қайғы,
Ылғал деуім мұнда да құрғамайды.
Сөзіңнен суып сезім кеткесін бе?
Көзіңнен суық су да сырғанайды.

Қанатың да қыркылып қорғайтұғын,
Шырылдайды-ау арды айтып торғай тілін.
Саған ғана көбірек айтуды едім,
Адамдарға сенуге болмайтынын.

Басқаға да бермейсін жылуды дым,
Онай емес жаныңда тұру мығым.
Сенім жолын бөгейтін беймезгілде,
Сенің сорын – өзіңнің сұлулығың.
– Өлеңнің әр қатарында бір өмір мен тарих жатыр. Әр оқырман өлеңнен өз тарихын жасап алса болады. Бізді қолдап, қорғап келген шынайы оқырмандар жетерлік. Қолдаушыларымызға үлкен алғыс айтамыз. Өлеңге жүрегі барлар ғана жанашыр болатынын білем. Ақындарға соңына дейін қолдау көрсетулеріңізді сұраймыз!

– Сахнада өлең оқумен қатар, тақырыптық дуэльдер мен шектеулі уақытта жыр жазу талап етілді. Байқауда «жеңіліп қаламыз ба» деп қорыққан сәт болды ма?

– Жобаның осы бір тұсы айтыс өнерінің элементтеріне де ұқсап кетеді. Десе де, бұл – көркем ой мен ұтқыр сөздің, жүрек тілінде үн қатудың нақты сыналатын мезеті. Әрине, уақыт тығыз сәтте кейде сөз таба алмай, «енді не жазамын?» деп абдырап қалатын кездер де

Сыңар құс та қонбады сыр ашарға,
Өткен өмір – көрсен тұс, рас онда.
«Көктем келе жатыр» деп күлсем бе екен?
«Жылдар өтіп жатыр» деп жырласам ба?

Күнi-түнi қол бұлғап күллі маңнан,
Бұларумен қажытты бұлдыр арман.
Санамадағы соғыстың соңында ылғи
Жеңіледі жүз үміт бір күмәннан.

Өзегімді мұң мүжіп, ой тырнаған,
Жаншиды әлі жанымды жай тыңдар ән.
Бәлкім, айтқан сөзіңе өкінерсің,
Өкінермін сөз үшін айтылмаған.

Күліп-жылап күн кешем енді есалаң,
Өткереңді не сұмдық өлмесе адам.
Қымтап алып жүректі қырық жамая,
Сен де маған сенбейдің... мен де саған.

Дертімізді жасырып десе де біз,
Әлі неше тіріліп, неше өлеміз.
Тағдыр жолым тартпады енді қайда?
Қайда сүйіп барады пешененің?

Ең ғаламат, ең мұңды, ең бір ерек,
Ең соңғы өлең ірікді өрніме кеп.
Ағымыздан жарылып ақталармыз,
Ақпан алар екенбіз енді не деп?

Қалдырғандай назардан тыс Тәңірі,
Сұрықсыз бақ, сүйкімсіз құстар үні.
Қандай жаман күтүмен ғұмыр кеуіп,
Қандай жақсы ғұмырың қысқалығы!

Аружан ОРАЛБАЙ

болады. Бірақ дүбірлі топқа түскен хас тұлпар туламай тұрмайтыны секілді, дәл сондай сын сағатта Жаратқанның өзі аузына құрмадай тәтті де өткір сөзді салып бере салады екен.

– «Мөлдір өлең» жобасы басталғалы ақын ретінде қандай жаңа қырғызды аштыңыз? Жазу стиліңіз әсер етті ме?

– Шаң басып жатқан өлеңдер жарыққа шықты. Сосын біз өлең өлкесінде көптен жүрген соң жаңа қыр мен тыныс ашылды деп айта алмаймын. Тек алға қарай басылған жаңа қадам. Әйтпесе сол өлең, сол жүрек. Қазақ «үйкүшік кеменгерден, ел кезген есер артық» дейді ғой. Елдегі ақындармен араласып, Қазақстанның ана шеті мен мына киырындағы жазба ақындар пікірлескенде жаңа ойлар пайда болады. Рухын кемелденеді. Ақын өлеңі тазалықты, сезім мен сұлулықты сүйеді. Сол үшін ел мен жер аралап, өлең оқып, үлкен сахнаға шығудың жөні бөлек. Даңғаз мен у-шу жайлаған қоғамды жүректі әділдейтін поэзияның насихатталуы үлкен парасаттылықтың нышаны.

Думан РАХЫМЖАНҰЛЫ

Меншік иесі:

СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан ӘЙІМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-І.

«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.

Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.

Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 3326 Талпырымы №1437

Нөмірдің кезекші редакторы Айтқолжын АЙТЖАНОВА